

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Мойынкұм ауданы Мойынкұм ауылындағы Жамбыл мектеп-гимназиясына күн батареясын орнату арқылы энергиямен толығымен қамтамасыз ету
<b>Бастамашылар:</b>	<b>Е.Бакберген</b> – Мойынкұм ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің экономикалық секторының меңгерушісі; <b>Ж.Шайыахмет</b> - Мойынкұм ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары секторының меңгерушісі; <b>М.Смагулов</b> – Мойынкұм ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімшесінің басшысы; <b>А.Ногайбекова</b> - Мойынкұм ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету секторының меңгерушісі; <b>Е.Сәндібайұлы</b> – Мойынкұм аудандық маслихат аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы;
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2022 жылдың 1 қаңтары мен 15 желтоқсаны аралығы
<b>Жобаның негіздемесі</b>	«Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы.  Еліміздегі экология қауіпсіздігі, баламалы энергия көзін қолдау қажеттілігі Мектепке қажетті электр энергиясын, 100 пайыз күн батареясы арқылы өндіру
<b>Жобаның өнімі</b>	Энергияға тұтынуға бағытталған шығындар көлемін азайту

<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	2022-2024 жылдар аралығында Жамбыл мектеп-гимназиясында электр энергиясын баламалы энергия көзі – күн энергиясына ауыстыру
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу;</li> <li>2. Жамбыл облыстық энергетика басқармасында пилоттық жобаны жүзеге асыру бойынша қолдау табу;</li> <li>3. Жамбыл облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына жобаны жүзеге асыруға қажетті соманы көрсете отырып бюджеттік өтінім жасау;</li> <li>4. Пилоттық жоба жүзеге асатын уақытта жоба іске асыру;</li> <li>5. Жобаны іске асыруға қажетті жабдықтар Жамбыл облысының білім басқармасының Мойынқұм аудандық білім бөлімінің (бұдан әрі –білім бөлімі) балансына беріледі;</li> <li>6. Жобаны жүзеге асыру барысында күтіп-ұстауға қажетті шығындар білім бөліммен қаржыландырылады.</li> <li>7. Жобаның критерийлері анықталады, мердігермен келісіледі;</li> <li>8. Жобаның тиісті деңгейде жұмыс істеуін мердігер қамтамасыз етеді.</li> <li>9. Жобаға тапсырыс беруші білім бөлімі жобаның жұмыс сапасына мониторинг жүргізеді;</li> <li>10. Оң нәтиже берген жобаны Мойынқұм ауданының өзге де мектептеріне енгізу туралы ұсыныс</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	<p>Жоба жүзеге асқан жағдайда, күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектептің жұмыс істеуіне қажетті энергияға бағытталған шығындары азайтылады, яғни бюджет қаражаты үнемделеді.</li> <li>2. "Жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманың орындалуы белгілі бір деңгейде жүзеге асырылады.</li> <li>3. Мектеп оқушыларының ғылыми бағытқа бет алуына қызығушылығы оянады.</li> <li>4. Аудан тұрғындары мен жеке сектор субъектілерінің қызығушылығы туындайды.</li> </ol>

<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жамбыл облысы білім басқармасының Мойынқұм аудандық білім бөлімі</li><li>2. Мойынқұм аудандық білім бөлімінің Жамбыл мектеп-гимназиясы</li><li>3. Мойынқұм ауданы әкімдігі</li><li>4. Мердігер</li><li>5. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы</li></ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жобаның өңірде алғаш рет қолға алынуы</li></ol>
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қаржының бөлінбеуі немесе жеткілікті деңгейде бөлінбеуі</li><li>2. Жоғары тұрған органдардың жобаны қолдамауы</li><li>3. Мердігердің табылмауы</li></ol>